



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 27 қараша

Қазақстан Республикасының қаржы секторы киберқауіпсіздігінің 2018-2022 жылдарға арналған стратегиясы бекітілді

Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасының қаржы секторы киберқауіпсіздігінің 2018-2022 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 281 қаулысының (бұдан әрі – Стратегия) қабылданғанын хабарлайды.

Стратегия Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысымен бекітілген Киберқауіпсіздік тұжырымдамасының («Қазақстанның киберқалқаны») ережелерін іске асыру мақсатында әзірленді және мақсаттар, міндеттер және іс-шаралар кешенін сипаттайды, оларға қол жеткізу, шешу және іске асыру Қазақстан Республикасы қаржы секторының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс істейтін жүйесін құруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Стратегияны іске асыру нәтижесінде еліміздің қаржы секторындағы киберқауіпке жедел ден қою және ол туралы хабарлау тетігі қалыптасатын болады, ол кезде қауіптің дәрежесіне қарай қаржы секторының субъектілері де, уәкілетті мемлекеттік органдар күштері, оның ішінде құқық қорғау және арнайы органдар да тартылады.

Стратегияның толық мәтінімен Ұлттық Банктің <http://www.nationalbank.kz/?docid=3536&switch=kazakh> ресми Интернет-ресурсындағы «Нормативтік құқықтық база» бөлімінде танысуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz,

www.nationalbank.kz